

Кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 18-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 ақпанда № 5158-08 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байзақ аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" Байзақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы №2-3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3110 болып тіркелген);

2) "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" Байзақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 мамырдағы № 2-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Байзақ аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыз №26-9 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3776 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байзақ аудандық
мәслихат төрағасы*

Б. Акбаев